

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қолданылған әдебиет

1. <http://e-kyzylorda.gov.kz/>
2. <http://www.zhanakorgan.gov.kz/>
3. Абдулаев А. Теріскен тіпегі, 2008
4. <http://www.dubovaja-rosha.ru/>

ӘОК: 338.462

ҰЛТТЫҚ, МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Балтабекова Мадина, Орынбекова Жания


zhaniya.orynbekova@mail.ru, baltabekova.mm@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, туризм кафедрасының 1 курс
студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші э.ғ.к., доцент – Жеңісхан Дарима

Қазіргі уақытта туризм әлемдік шаруашылықтағы неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі және ең табысты бизнестердің бірі болып табылады. Туризм экономикаға және аймақ дамуына айқын ықпалын көрсетеді, елге шетел валютасының құйылуы, жаңа жұмыс орындарын жасау, инфрақұрылымның жақсаруына жағдай жасайды. Ол мемлекет экономикасы үшін маңызды болып табылады. Туризмнің негізгі үш оң әсерін байқауға болады: ол шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді, төлем балансы мен жиынтық экспорт сияқты маңызды экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсерін тигізеді, халықтың жұмысбастылығын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар туризм экономиканың 32 саласының дамуы мен елдің инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасайды.

Туристер басқа мемлекеттерге барғанда мәдени кешендермен қатар табиғи құндылықтарды да қабылдайды. Әлемдегі аймақтардың мәдениеттерінің әртүрлі болуы адамдардың демалысын саяхатпен өткізуіне қызығушылығын арттырады. Туристердің объектілерге баруы олардың рухани баюына және танымдық дүниесінің артуына әсер етеді. Мәдениет туристік қызығушылықтың негізгі элементі болып табылады.



Сурет 1 - Мәдени құндылықтар объектілерінің шоғыры

Қазақстанда мәдени-экологиялық туризмнің бағыты даму үстінде, қалаларында ұлттық саябақтардың саны да өсуде. Қазақстан Республикасы бойынша адамдар ең көп баратын саябақтар – Алматы қаласының саябақтары (2010 ж. 3980,8 мың адам) және Қарағанды облысының айлы бақтары (2010 ж. 3753,3 мың адам). Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санын келесі кесте 1 көруге болады.

Кесте 1 - Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саны

Жылы Көрсеткіштер	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012ж.	2012 ж. 2009 ж. % қатынасы
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, бірлік келулер, адам	109443,3	109598,4	114521,4	113538,0	103,7
Демалыс парктері (ойын-сауық кешендері), бірлік келулер, адам	6310978,5	6612257,2	8013001,7	8416378,4	1333,6
Ақпарат көзі: ҚР Статистика агенттігі					

Елімізде арнайы мамандандырылған мұражай журналы шығады. Журналдың бірінші нөмірі – «Қазақстан музейлері – Музеи Казахстана» 2002 жылдың желтоқсанында басылып шықты. Республиканың мұражай өмірінің айрықша оқиғасы Халықаралық кеңестердің Ұлттық комитеті мекемесі болды (ИКОМ). Мұражай-гректің музейон - орын, муза - ғимаратханасы деген сөзі. Революцияға дейін Қазақстанда 3 мұражай болды.

Қазір 200-ден аса мұражай, олардың ішінде өлкетану, тарихи-мемориалдық, әдеби-мемориалдық, тарихи-революциялық, этнографиялық мұражайлар бар, (кесте 8). Қоғамдық негізде жұмыс істейтін жүздеген мұражай бар. Алматыда орталық мемлекеттік мұражай 1929 жылы құрылған. Оңтүстік мемлекеттік Мұражай (1930), Ә.Қастеев атындағы Республикалық өнер Мұражайы (1935), Президенттік мәдениет орталығы (2000), Қазақстан ҒА Археология Мұражайы (1973), Ұлттық валюта Мұражайы (1993), Кітап Мұражайы (1978), Ықылас атындағы Республикалық халық саз аспаптар Мұражайы (1980), «М.Әуезов үй» ғылыми орталық Мұражайы (1962), т.б.

Кесте 2 мәліметтеріне орай Қазақстанда 2012 жылы барлығы 205 мұражай бар, бұл сан еліміз үшін аздық етеді, себебі оны облыстарға шаққанда ең көп мұражай саны Оңтүстік Қазақстан 25, Алматы облысы 22 және Қарағанды облысында 20 мұражай болса, Маңғыстау облысында 5, Батыс Қазақстан облысында 7, ШҚО, Жамбыл облыстарында 11 мұражайдан ғана бар. Осы мұражайлардың санының аздығына қарамастан оларда үнемі келушілер бар және оларға үнемі экскурсиялар жүргізіліп отырады, жалпы Қазақстан бойынша 99286 экскурсия жүргізілген екен және мұражайларда түрлі тақырыптарға арналған дәрістер жүргізіледі екен, олардың саны 9793.

Кесте 2 - 2012 жылғы мұражайлар қызметінің негізгі көрсеткіштері

Аймақ	Мұражайлар саны, бірлік	Негізгі қор экспонаттары, бірлік	Келушілер саны, мың адам	Жүргізілген экскурсиялар саны, бірлік	Дәрістер саны, бірлік
Қазақстан Республикасы	205	2 569 350	4 262,7	99286	9 793
Ақмола обл.	13	119 732	168,9	4371	360
Ақтөбе обл.	18	89 900	234,8	3847	816
Алматы обл.	22	32 909	64,4	1804	365

Атырау обл.	13	113 085	74,8	2033	295
ШҚО	11	301 757	509,2	12190	1371
Жамбыл обл.	11	75 189	482,7	1209	340
БҚО	7	67 079	71,2	4209	244
Қарағанды обл.	20	286 598	362,4	8354	1084
Қостанай обл.	10	170 443	313,4	7400	488
Қызылорда обл.	10	64 442	104,8	8784	657
Маңғыстау обл.	5	41 876	39,1	1538	138
Павлодар обл.	11	157 011	239,5	4204	1426
СҚО	11	311 572	153,2	3162	315
ОҚО	25	128 632	880,7	18766	1452
Астана қ.	8	240 072	380,4	13742	179
Алматы қ.	12	369 053	183,3	3673	263
Ақпарат көзі: ҚР Статистика агенттігі [16]					

Мемориалдық мұражайлар да Қазақстанның тарихи-мәдени рухани өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олардың ішінде: Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы, Абай-Шәкәрім кешені, Д.Қонаевтың, Қ.Сәтбаевтың, Ж.Жабаевтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың, Ғазиза және Ахмет Жұбановтардың, Ш.Уәдихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық мұражайлары бар. Қазақстан денсаулық сақтау және медицина тарихи мұражайының 12 залында 10 мыңға жуық экспонат бар. Қазақстанның орта ғасыр ғылым медиктерімен таныстырады. Денсаулық сақтау ісінің және медицина ғылымының дамуы жөнінде материалдар мол қамтылған.

Елбасының Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жолдауында туризмді дамытуға үлкен талап қойып отыр. Экономиканың қарыштап дамуына туризмнің алар орны ерекше. Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы кездегі таратқан мәліметтеріне қарағанда, осы саланы дамытуға ден қойған мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы туризмнің табыс көзінің еншісіне тиесілі. Соңғы зерттеу нәтижелеріне сүйенсек туризмнен біздің еліміз үшін үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізуі айқындалады.

Бүкіл өркениетті дүние негізі туристер ағынын өздеріне тартуға ұмтылуда, себебі, туризм мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін толықтырудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан Қазақстанға шетелдік туристер ағынын көбейту қажет. Осы мақсатта туристік ұйымдардың қызметін, көлік құралдарының, кадрлық қамтамасыз етудің жай-күйіне байланысты туризмді дамытуға Шығыс Қазақстан облысы, Абай аудындағы ұлттық мәдени құндылықтарды дамыту арқылы, туризм саласын дамытуға мақсатталған бағдарлама жасау керек. Туризмнің дамуына байланысты сұрақтарды мемлекет дәрежесінде шешіп, оның әрі қарай дамуына барлық жағдайлар жасалуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кабушкин И.Н., Дурович А.П. Организация туризма: Учебное пособие – Мн.:Новое знание, 2003. – 297 с.
2. Кабушкин Н.И. Менеджмент туризма: Учебное пособие.- Москва: БГЭУ, 1998. – 239 с.
3. Тұрсымбаева М.Ж. Экономиканың шикізаттық құрылымын өзгертуде кластердің рөлі // АльПари, 2005. №4, Б. 43-45.
4. Спанкулова Л.С. Проблемы развития кластерной экономики промышленности на региональном уровне// АльПари. - 2004. - №2-3. - С.91-95.
5. Сарин К. Помогут ли нам кластеры?// Мир Евразии. -2005. -№6. - С.28-31.